

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы «5» ақпандағы  
№ 51 бұйрығына 14-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 559 -қосымша

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейнелеу өнері» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейнелеу өнері» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың қарапайым сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушыларды бейнелеу өнерінің туындыларымен таныстыру; эмоционалдық – эстетикалық көзқарастарын дамыту; бейнелеу өнеріне қызығушылық пен сүйіспеншілікке баулу;

2) затқа қарап сурет салу, сәндік сурет салу және бұларды еңбек және қоғамдық пайдалы әрекет процестерінде қолдану дағдыларын қалыптастыру;

3) жұмыс реттілігін ойластыру, үлгі және жоспар бойынша жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) жұмыс кезіндегі ұқыптылыққа, табандылыққа, дербестікке тәрбиелеу;

2) білім алушылардың сенсомоторлық дамуына ықпал жасау: қимыл-қозғалыс аясының жетіспеушіліктерін жеңу, қолдарының ұсақ моторикасын дамыту;

3) байқампаздығын, көру арқылы қабылдауы мен қиялын, көру арқылы есте сақтау қабілетін, кеңістіктік ұғымын дамыту.

**2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. «Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

6. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты оқу және оқыту іс-әрекетінің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, ескеріледі: ойлау процестерінің инерттілігі, танымдық белсенділігінің төмендігі, жалпылама және абстракты ойлау функциясының әлсіздігі, сөйлеу дамуының кешеуілдеулігі.

7. Іс-әрекеттік тәсіл қағидасы оқыту барысында педагогтың басшылығымен оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайтын, әр-түрлі бейнелеу жұмыстарын ұйымдастыруды қарастырады. Дербес бейнелеу жұмысы жоғары психикалық функцияларының (қабылдауы, сөйлеу тілі, ойлау қабілеті) сенсомоторлық негіздерін дамытуға, білім алушылардың өмірлік тәжірибесі жеткіліксіздігінің орнын толтыруға мүмкіндік береді.

8. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін еңсеруді немесе азайтуды көздейді; сондай ақ мінез-құлық нормаларын, өмірлік қарым-қатынастық және тұрмыстық дағдыларының қалыптасуына ықпал жасайды.

9. Жеке және саралап оқыту тәсілі қағидасы оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді.

10. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін қолданады.

1

Б  
е  
й

н 12. Бейнелеу өнері жөніндегі әңгімелер сабақтардың құрамды бөлігі болып табылады. Олар эстетикалық тәрбиеге, білім алушылардың ұғымдары мен түсініктерін анықтауға ықпал жасайды. Әңгімелер көркем шығармаларының репродукцияларын қараумен, оларға қысқа мәліметтер берумен, сондай ақ балаларға арналған кітаптар иллюстрацияларын қараумен үйлестіріледі. Бір әңгіме барысында 1-2 картина немесе 3-4 кітаптар иллюстрациялары қаралады.

н 13. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаумен жүзеге асырылады.

сабақтарын деңгейді анық сабақтар кәсі сәйкес әзірленген алушылардың түрлі жаттығулар, бақылаулар, көру тіректерін қолдану (торлар, тірек нүктелері, сызықтар сұлбалары), дайын жоспарды, алгоритмдік жазбаларды, сызба-плакаттарды қолдану.

15. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру нәтижелерін тікелей мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

17. Ағымды бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін, талдауды пайдаланады.

18. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр түрлі типологиялық топтардағы білім алушыларының оқу материалын меңгерудің түрлі мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыптың, бөлімнің аяғында жүргізіледі.

19. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатымен тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына еңгізіледі.

### **3 - тарау. «Бейнелеу өнері» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

20. «Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 32 сағатты;
- 2) 1-сыныпта– аптасына сағат, оқу жылында 33 сағатты;
- 3) 2-сыныпта–аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 3-сыныпта– аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 4-сыныпта– аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

21. Бағдарлама мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) «Бейнелеуге дейінгі іс-әрекеттер» бөлімі (0, 1 сыныптар);
- 2) «Сәндік сурет салу» бөлімі (1, 2, 3, 4 сыныптар);
- 3) «Затқа қарап сурет салу» бөлімі (1, 2, 3, 4 сыныптар);
- 4) «Тақырыптарға сурет салу» бөлімі (1, 2, 3, 4 сыныптар).

22. «Бейнелеуге дейінгі іс-әрекеттер» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сызықтарды салу;
  - 2) шаблон мен трафаретті қолданып сурет салу.
22. «Сәндік сурет салу» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жолақтағы өрнек;
- 2) шаршыдағы өрнек;
- 3) үшбұрыштағы өрнек;
- 4) шеңбердегі өрнек.

24. «Затқа қарап сурет салу» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) өсімдік және жануарлар әлемі заттарының суретін салу;
- 2) тұрмыстық заттардың суретін салу.

25. «Тақырыптар бойынша сурет салу» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғат суретін салу (бейнелеу);
- 2) ертегілерге және өмірлік жағдайларға иллюстрациялар салу.

26. 0-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» пәнінің базалық мазмұны:

1) сызықтар салу. Қолмен түрлі бағытта сызықтар салу (түзу, толқынды, бүгілме, бұрмалы, доғал, тұйықталған, тұйықталмаған). Симметриялық заттардың сұлбасын салып бітіру. Қисық түзулерді қолданып пунктир арқылы сурет салу. Үлгі бойынша тірек нүктелері арқылы сурет салу. Шеңберлерді, доғалдарды, түзу сызықтарды қолданып, таныс заттардың суретін салу. Негізгі түстерді тану және атау: қызыл, сары, көк, жасыл. Иллюстрацияларды көру. Спектр бояуларының реттілігімен танысу. Үлгі бойынша салып бітіру және бояу;

2) шаблон мен трафаретті қолданып сурет салу. Таныс заттардың суретін салу, үлгі бойынша шаблон мен трафаретті қолдана отырып шеңбер, шаршы, үшбұрыш, доғал, тікбұрыш формасындағы заттардың суретін салу. Түрлі-түсті қарындаштармен штрихті сызықтар салу. Сұлбасын сақтай отырып бояу. Жолақтың ішіне қарапайым өсімдіктік өрнек құру.

27. 1-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Бейнелеуге дейінгі іс-әрекеттер». Қолмен түрлі бағытта сызықтар салу (түзу, толқынды, бүгілме, бұрмалы, доғал, тұйықталған, тұйықталмаған). Симметриялық заттардың сұлбасын салып бітіру. Қисық түзулерді қолданып пунктир арқылы сурет салу. Үлгі бойынша тірек нүктелері арқылы сурет салу. Шеңберлерді, доғалдарды, түзу сызықтарды қолданып таныс заттардың суретін салу. Қозғалмалы аппликация ізімен сурет салу. Негізгі түстерді тану және атау: қызыл, сары, көк, жасыл. Иллюстрацияларды көру. Спектр бояуларының реттілігімен танысу. Үлгі бойынша салып бітіру және бояу. Таныс заттардың суретін салу, үлгі бойынша шаблон мен трафаретті қолдана отырып шеңберлер, доғалдар, түзу сызықтар формасындағы заттардың суретін салу. Түрлі-түсті қарындаштармен штрихтер салу. Сұлбасын сақтай отырып бояу. Жолақтың ішіне қарапайым өсімдіктік өрнек құру;

2) «Сәндік сурет салу». Қазақ өрнектерін, өсімдіктік өрнектерді үлгі бойынша шеңбер, шаршы, жолақ, үшбұрыш ішіне құру. Сурет сұлбасын сақтай отырып өрнек элементтерін бояу. Түстерді ажырату және атау: қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, сарғыш-қызыл;

3) «Тақырыптар бойынша сурет салу». Айналадағы өмір құбылыстарын бейнелеу және ертегілердің бөлектенген эпизодтарын иллюстрациялау. Оқыған ертегінің ең оңай бейнелеуге келетін эпизодын суретте бейнелеу. Күрделі емес заттардың кеңістіктік қатынасын дұрыс көрсетіп (үстінде, астында, танында; үлкен, кіші, өте кіші), сурет элементтерін парақ бетіне орналастыру. Иллюстрациялардан айналадағы заттардың, жануарлардың, өсімдіктердің бейнелерін тану және атау, оларды формасы, өлшемі, түсі бойынша салыстыру.

28. 2 –сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сәндік сурет салу». Қолмен түзу сызықтар жүргізу (көлденең, тік, қиғаш), кесіндіні бірдей бөліктерге бөлу. Қолмен геометриялық фигуралар салу және жолақтың ішіне олардан формасы мен түсін ауыстыра отырып, өрнектер құрастыру, суреттерді бояу. Қазақ, өсімдіктік, геометриялық өрнектер элементтерін жолақтың, шаршының, шеңбердің, үшбұрыштың ішіне орналастыру. Өрнектерге қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, сарғыш-қызылтүстерді қолдану. Қара, ақ, сия түстес түстерді атау және ажырату;

2) «Затқа қарап сурет салу». Заттарды парақ бетіне дұрыс орналастыру. Квадратты, тікбұрышты, домалақ және үшбұрышты заттарды ажырату және атау. Суретте заттардың кеңістіктік ара-қатынасын сақтау және осы қатынастарды сөзбен айту (ортасында, сол жағында, оң жағында). Заттардың маңызды белгілерін анықтау. Қарындаш, гуашь қоданып суретті бояу;

3) «Тақырыптар бойынша сурет салу». Айналадағы өмір құбылыстарын бейнелеу және ертегілердің бөлектенген эпизодтарын иллюстрациялау. Айналадағы болмыс жайлы білім алушылардың көру түсініктерін айқындау және байыту. Көлемі мен кеңістіктік ара-қатынасын ескере отырып, заттар мен нысандар формасын, олардың элементтерін түсініктері бойынша бейнелеу. Картиналар бойынша әңгіме (тоқсанда 2 рет). Иллюстрациялардан халық ертегілерінің кейіпкерлерін тану, картинада бейнеленген тұлғаларды атау, оларды бір-бірімен салыстыру.

29. 3- сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сәндік сурет салу». Геометриялық, өсімдіктік өрнектер элементтерін жолақтың, шаршының, шеңбердің, үшбұрыштың ішіне салу. Үлгінің сараптамасы. Өрнектің құрылымын (элементтерінің қайталануы немесе алмасуы), негізгі бөліктерінің формасын және түсін анықтау. Қазақи, өсімдіктік, геометриялық өрнектер элементтерін жолақтың, шаршының, шеңбердің, үшбұрыштың ішіне үлгі бойынша орналастыру. Квадраттың ішіне өрнек салғанда өстік сызықтарды пайдалану. Өрнектерге қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, сарғыш-қызыл, қара, ақ, сия түстес түстерді қолдану. Көкшіл, қызғылт түстерді тану және атау;

2) «Затқа қарап сурет салу». Квадратты, тікбұрышты, домалақ және үшбұрышты формадағы заттарды өздеріне тән ерекшеліктерін көрсете отырып бейнелеу. Симметриялық формадағы жалпақ заттарды бейнелеу барысында ортаңғы (өстік) сызықты пайдалану. Суретті орындау реттілігін анықтау. Затқа қарап сурет салуда ашық және күңгірт түстерді қолдану;

3) «Тақырыптар бойынша сурет салу». Айналадағы өмір құбылыстарын бейнелеу және ертегілердің бөлектенген эпизодтарын иллюстрациялау. Бір сюжеттік суретте бірнеше заттың бейнелерін біріктіру. Бейнелерді белгілі тәртіпте орналастыру (жақынырақ, алысырақ, қағаз бетін түгелдей қолданып және суреттің жоғарғы, төмен жағын сақтап). Картина бойынша әңгіме (тоқсанда 2 рет). Иллюстрациялардан жыл мезгілдеріне тән белгілерді тану. Түрлі жыл мезгілдеріндегі табиғат әдемілігін көре білу қабілетін дамыту.

30. 4-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сәндік сурет салу». Қазақи, геометриялық, өсімдіктік өрнектер элементтерін жолақтың, шаршының, шеңбердің, үшбұрыштың ішіне үлгі бойынша орналастыру. Үлгінің сараптамасы. Өрнектің құрылымын (элементтерінің қайталануы немесе алмасуы), негізгі бөліктерінің формасын және түсін анықтау. Өрнектерді тікбұрыштың, шаршының, шеңбердің ішіне өстік сызықтарды қолданып дәйекті орналастыру. Ортасын, шеттерін толтыра отырып, өрнекті симметриялық орналастыру;

2) «Затқа қарап сурет салу». Бейнелеу нысанының сараптамасы (құрамдас бөліктерінің формасын, түсін және көлемін анықтау). Түрлі формадағы заттарды құрылымын ескере отырып бейнелеу. Қағаз парағына қарасты суреттің көлемін анықтау. Сурет құрастырғанда өстік сызықтарды пайдалану. Заттарды бейнелеу үшін сәйкес түстерді таңдау;

3) «Тақырыптар бойынша сурет салу». Айналадағы өмір құбылыстарын бейнелеу және ертегілердің бөлектенген эпизодтарын иллюстрациялау. Суреттегі алыс орналасқан заттардың көлемдік қатынасын, заттардың кішірейуін ескеру. Алдыңғы, артқы план. Бір заттың екіншісімен қалқалану ережелерін меңгеру. Бейнелеу өнері туралы әңгімелер (5 сағат). Қарастырылып жатқан бейнелеу өнерінің туындысы бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап беру қабілеті. Бейнелеу өнерінің жанрлары (натюрморт және пейзаж), олардың белгілері және айырықша ерекшеліктері.

31. Бағдарламадағы оқу материалының орналасуы үлгілік болып табылады, білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып мұғалім бағдарламалық материалды өз бетінше үйлестіре алады (тоқсаннан тоқсанға, сыныптан сыныпқа). Мұғалім әр тақырыпты оқыту үшін қажетті сағат санын дербес анықтай алады.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

33. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді Мысалы, 1.1.3.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.3» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

34. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Бейнелеуге дейінгі іс-әрекеттер» бөлімі:

1-кесте

| Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |           |
|------------|------------------|-----------|
|            |                  | 0 – сынып |

|                              |  |   |
|------------------------------|--|---|
| <p>1.1<br/>Сызықтар салу</p> | <p>0.1.1.1 бейнелеу өнері сабағында қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстану;<br/>0.1.1.2 материалдарды, құрал-саймандарды тану және атау;<br/>0.1.1.3 дұрыс тұрысын сақтап, құрал-саймандарды жұмыс орнында дұрыс орналастыру және реттеп ұстау;<br/>0.1.1.4 түрлі тәсілдерді қолданып үлкен және кіші нүктелер салу;<br/>0.1.1.5 түзу сызықтар салу (көлденең, тік); толқынды, бүгілме, доғал, шеңберлі тұйықталған сызықтар салу: «Шарлар», «Тәрелке»;<br/>0.1.1.6 сурет сұлбасын пунктирлі сызықтармен жиектеу тәсілімен таныс заттардың суретін салу: «Баспалдақ», «Әткеншек»;<br/>0.1.1.7 өз суретін үлгімен салыстыру, суретті шынайы нысанмен сәйкестеу;<br/>0.1.1.8 қарындаштармен бояу, сурет сұлбасынан шығармай сызық жүргізу;<br/>0.1.1.9 бояулармен бастыру;<br/>0.1.1.10 негізгі түстерді ажырату және атау;<br/>0.1.1.11 пунктир сызықтары және сурет сұлбасы бойынша сурет салу;<br/>0.1.1.12 түзу сызықтар салу (көлденең, тік); қисық, толқынды, бүгілме сызықтар жүргізу: «Кірпі»;<br/>0.1.1.13 «Менің отбасым» тақырыбы бойынша фигураның сұлбасын жиектеу</p> | <p>1.1.1.1 бейнелеу өнері сабағында қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстану;<br/>1.1.1.2 материалдарды, құрал-саймандарды тану және атау;<br/>1.1.1.3 дұрыс тұрысын сақтап, құрал-саймандарды жұмыс орнында дұрыс орналастыру және реттеп ұстау;<br/>1.1.1.4 түрлі бағыттағы түзу сызықтар салу (көлденең, тік, қиғаш);<br/>1.1.1.5 қисық сызықтар салу(толқынды, бұрмалы, доғал);<br/>1.1.1.6 сурет сұлбасын пунктирлі сызықтармен жиектеу тәсілімен таныс заттардың суретін салу;<br/>1.1.1.7 өз суретін үлгімен салыстыру, суретті шынайы нысанмен сәйкестеу;<br/>1.1.1.8 қарындаштармен бояу, сурет сұлбасынан шығармай сызық жүргізу</p> |
|------------------------------|--|---|

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p>және бояу;</p> <p>0.1.1.14 геометриялық фигуралардың сұлбасын жиектеу және бояу: «Шаршы», «Үшбұрыш»;</p> <p>0.1.1.15 сурет сұлбасын және сызықтар бағытын (жоғарыдан төмен) сақтай отырып жиектеу және түрлі-түсті қарындаштармен бояу: «Мәшине», «Шаршы», «Үшбұрыш», «Шеңбер»;</p> <p>0.1.1.16 нүктелер бойынша жиектеу және бояу: «Бұлт», «Күн», «Гүл», «Жапырақ»;</p> <p>0.1.1.17 композицияларды нүктелер бойынша жиектеу және бояу: «Аққала», «Алғашқы қар», «Моншақты шырша», «Ойыншықтары бар шырша бұтағы»;</p> <p>0.1.1.18 ақ гуашьпен «Қарша» суретін жиектеу және бояу, жағу кезінде қылқаламды дұрыс ұстау;</p> <p>0.1.1.19 пунктир сызықтары бойымен көлденең және тік бағытта сызу: «Көлік», «Бағдаршам»;</p> <p>0.1.1.20 киім заттарын сұлбасы бойымен жиектеу және бояу: «Футболка», «Сарафан», «Бейсболка», «Қалпақ»;</p> <p>0.1.1.21 «Киіз үй», «Киіз үйдің жасауы» суреттерін сұлбасы бойынша салып бітіру және бояу;</p> <p>0.1.1.22 «Балта» өрнегін сұлбасы бойынша жиектеу және бояу;</p> <p>0.1.1.23 «Жіліншік» атты қазақ өрнегін торлар арқылы</p> |  |
|--|--|--|

|   |  |  |
|---|--|--|
|   | <p>салу;<br/> 0.1.1.24 бояулармен сурет салу: «Сыйлықтың лентасы» (жалпақ және жіңішке);<br/> 0.1.1.25 «Денің сау болсын десең» тақырыбы бойынша суреттің жартысын жиектеу және бояу;<br/> 0.1.1.26 геометриялық фигураларға тік және көлденең сызықтар сызу: «Шаршы», «Шеңбер» (зарядтауға арналған кілемшелер);<br/> 0.1.1.27 «Доптарды» (баскетбол және футбол) жиектеу және бояу;<br/> 0.1.1.28 «Лента» (спорттық) суретін жиектеу және бояу</p>   |  |
| <p>1.2<br/> Шаблон мен трафаретті қолданып сурет салу</p> | <p>0.1.2.1 шаблонмен жиектеп «Үй» суретін салу: «Шаршы» (үлкен, кіші), «Үшбұрыш», сурет сұлбасын және сызықтар бағытын (жоғарыдан төмен) сақтау;<br/> 0.1.2.2 шаблонмен жиектеп, қарындаштармен бояп «Бағдаршам» суретін салу: (тікбұрыш, шеңберлер), сурет сұлбасын және сызықтар бағытын сақтау;<br/> 0.1.2.3 шаблонмен жиектеп, қарындаштармен бояп «Вагон» суретін салу: (тікбұрыштар, шеңберлер), сурет сұлбасын және сызықтар бағытын сақтау;<br/> 0.1.2.4 шаблонмен жиектеп, қарындаштармен бояп «Анама арналған бәйшешек» суретін салу, сурет сұлбасын және сызықтар бағытын</p> | <p>1.1.2.1 геометриялық фигураларды және таныс заттардың бейнелерін шаблонмен жиектеу, түрлі-түсті қарындаштармен бояу (үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш, шеңбер, доғал)</p> |

|  |   |  |
|--|---|--|
|  | <p>сақтау;</p> <p>0.1.2.5 шаблон бойынша «Үшкір орамал» суретін салу (үлкен, кіші), бояу;</p> <p>0.1.2.6 шаблон бойынша «Түймедақ» (шеңбер, доғалдар), бояу;</p> <p>0.1.2.7 шаблон бойынша «Балық» суретін салу (доғал, қисық сызықтар), бояу;</p> <p>0.1.2.8 шаблон бойынша «Саңырауқұлақтар» суретін салу (ақ саңырауқұлақ, шыбынжұт), бояу;</p> <p>0.1.2.9 шаблон бойынша «Көкөністер» суретін салу (қызанақ, қияр), бояу;</p> <p>0.1.2.10 шаблон бойынша (трафаретпен) «Жемістер» суретін салу (алма, алмұрт), бояу</p> |  |
|--|---|--|

## 2) «Сәндік сурет салу» бөлімі:

2-кесте

| Бөлімшелер                | Оқыту мақсаттары  |   |  |  |
|---------------------------|---|---|--|--|
|                           | 1-сынып   | 2-сынып   | 3-сынып  | 4-сынып  |
| 2.1<br>Жолақтағы<br>өрнек | <p>1.2.1.1 жолақтың ішіне орналастырып «Қайнар» қазақ өрнегін салу, сұлбасының сыртына шығармай бояу;</p> <p>1.2.1.2 «Кесе»: жолақтың ішіне орналастыры</p> | <p>2.2.1.1 жолақтың ішіне орналастырып «Ирек» қазақ өрнегін салу, бояу;</p> <p>2.2.1.2 «Алжапқыш»: жолақтың ішіне орналастырып геометриялық фигуралар өрнегін салу,</p> | <p>3.2.1.1 8 наурызға арналған құттықтау ашық хатын жолақтың ішіне орналастырып «Қошқар мүйіз» қазақ өрнегінің суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);</p> <p>3.2.1.2 гүлдер,</p> | <p>4.2.2.1 «Шапан» қазақ киімінің затына «Сынық мүйіз» ұлттық өрнегінің суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);</p> <p>4.2.1.2 жолақтың ішіне орналастырып жапырақтар, жемістер өрнектері</p> |

|                       |   |  |   |   |
|-----------------------|---|--|---|---|
|                       | п өсімдік өрнегін салу, бояу  | бояу   | жапырақтар өрнектері элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь)  | элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь)   |
| 2.2 Шаршыдағы өрнек   | 1.2.2.1 шаршының ішіне орналастырып «Бес Танба» қазақ өрегінің элементтерін салу, бояу;<br>1.2.2.5 шаршының ішіне орналастырып «Дастархан» өсімдік өрегінің элементтерін салу, бояу | 2.2.2.1 шаршының ішіне орналастырып «Гүл» қазақ өрегінің элементтерін салу, бояу;<br>2.2.2.2 жолақтың ішіне орналастырып «Ұстағыш» геометриялық фигуралар өрнегін салу, бояу | 3.2.2.1 шаршының ішіне орналастырып «Ағаш» қазақ өрнегі элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);<br>3.2.2.2 шаршының ішіне орналастырып гүлдер, жапырақтар өрнектері элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь) | 4.2.2.1 «Жастық» қазақ тұрмыстық бұйымына «Балдақ» өрнегі элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);<br>4.2.2.2 шаршының ішіне орналастырып жапырақтар, жемістер өрнектері элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь) |
| 2.3 Үшбұрыштағы өрнек | 1.2.3.1 үшбұрыштың ішіне орналастырып «Қазақ киімінің ою-өрнектері» геометриялық фигуралар өрнегін салу, бояу;<br>1.2.3.2   | 2.2.3.1 үшбұрыштың ішіне орналастырып «Тұмар» геометриялық фигуралар өрнегін салу, бояу;<br>2.2.3.3  | 3.2.3.1 үшбұрыштың ішіне орналастырып «Кілттерге арналған салпыншақ»: геометриялық фигураларының суретін салу, бояу (қарындаш,  | 4.2.3.1 «Сәукеле» бас киімінің «Құс қанаты» ұлттық өрнегінің суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);<br>4.2.3.2 үшбұрыштың ішіне   |

|                         |  |  |   |   |
|-------------------------|--|--|---|---|
|                         | үшбұрыштың ішіне орналастырып «Үшкір орамал» өсімдік өрегінің элементтерін салу, бояу  | үшбұрыштың ішіне орналастырып «Үшкір орамал» геометриялық фигуралар өрнегін салу, бояу   | акварель);<br>3.2.3.2<br>үшбұрыштың ішіне орналастырып үлдер, жапырақтар өрнектері элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь)  | орналастырып жапырақтар, жемістер өрнектері элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь)   |
| 2.4<br>Шеңбердегі өрнек | 1.2.4.1<br>шеңбердің ішіне орналастырып «8 наурызға құттықтау» ашық хатының суретін салу, бояу;<br>1.2.4.2<br>шеңбердің ішіне «Тәрелке» өсімдік өрегінің элементтерін салу, бояу | 2.2.4.1<br>шеңбердің ішіне орналастырып «Түйе табан» геометриялық фигуралар өрнегінің суретін салу, бояу;<br>2.2.4.4<br>шеңбердің ішіне орналастырып «Табак» геометриялық фигуралар өрнегінің суретін салу, бояу | 3.2.4.1<br>8 наурызға арналған құттықтау ашық хатын шеңбердің ішіне орналастырып «Жұлдыз» қазақ өрегінің суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);<br>3.2.4.2<br>шеңбердің ішіне орналастырып гүлдер, жапырақтар өрнектері элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь) | 4.2.4.1<br>«Тақия» бас киімінің «Тарақ» ұлттық өрнегінің суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);<br>4.2.4.2<br>шеңбердің ішіне орналастырып геометриялық фигуралар, жапырақтар, жемістер өрнектері элементтерінің суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь) |

3) «Затқа қарап сурет салу» бөлімі:  
3-кесте

| Бөлімшелер                                  | Оқыту мақсаттары  |   |   |   |
|---|---|---|---|---|
|   | 1 - сынып   | 2 - сынып   | 3 - сынып   | 4 - сынып   |
| 3.1 Өсімдік және жануарлар әлемінің заттары | 1.3.1.1 айналадағы әлемнің өсімдіктері және жануарлары жайлы түсініктерінің болуы;<br>1.3.1.2 өсімдік және жануарлар әлемі өкілдері мен түрлерін ажырата білу | 2.3.1.1 спектр түстерін бейнелеу(қарындаш, гуашь);<br>2.3.1.2 «Саябақтағы күз» тақырыбына сурет салу (қарындаш, гуашь);<br>2.3.1.3 «Менің отбасым» тақырыбына сурет салу (қарындаш, гуашь);<br>2.3.1.4 «Бөлме өсімдіктері» тақырыбына сурет салу (қарындаш, гуашь);<br>2.3.1.5 «Шырша» тақырыбына сурет салу», бояу (қарындаш, гуашь);<br>2.3.1.6 күрделі формадағы заттардың суретін салу: «Қоян-ойыншық», | 3.3.1.1 қарапайым формадағы жапырақтардың нобайын жасау, ашық жасыл және күңгірт жасыл түстерін ажырату және бояу (қарындаш, акварель);<br>3.3.1.2 «Бақбақ» нобайын жасау, бояу (қарындаш, акварель);<br>3.3.1.3 түсі мен формасы бойынша әртүрлі «Екі алма» нобайын жасау, бояу (қарындаш, акварель);<br>3.3.1.4 түсі мен формасы бойынша әртүрлі «Екі саңырауқұлақ» нобайын жасау, бояу (қарындаш, акварель);<br>3.3.1.5 «Менің достарым» | 4.3.1.1 күзгі бұтақ нобайын жасау: «Қайың», бояу(түрлі-түсті қарындаштар);<br>4.3.1.2 бұтақ нобайын жасау: «Шетен», бояу (түрлі-түсті қарындаштар);<br>4.3.1.3 «Үй асырандылары (мысық)» тақырыбына сурет салу, бояу бояу(түрлі-түсті қарындаштар);<br>4.3.1.4 «Үй асырандылары (ит)» тақырыбына сурет салу, бояу (түрлі-түсті қарындаштар);<br>4.3.1.5 «Алғашқы қар» суретінің нобайын жасау (ағаш, бұта) және акварельмен бояу; |

|                      |   |   |   |   |
|----------------------|---|---|---|---|
|                      |   | <p>бояу (қарындаш, гуашь);<br/>2.3.1.7 «Саябақтағы қыс» тақырыбына сурет салу, бояу (қарындаш, гуашь)</p>   | <p>тақырыбына сурет салу (қарындаш, гуашь);<br/>3.3.1.6 «Ойыншықтар ілінген шырша» суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);<br/>3.3.1.7 күрделі формалы заттың суретін салу «Ойыншық аю», бояу (қарындаш, акварель)</p>                                     | <p>4.3.1.6 «Үй құстары (тауық)» тақырыбына сурет салу, бояу (түрлі-түсті қарындаштар);<br/>4.3.1.7 «Үй құстары (қораз)» тақырыбына сурет салу, бояу (түрлі-түсті қарындаштар)</p>   |
| 3.2 Тұрмыстық заттар | 1.3.2.1 күнделікті қолданыстағы тұрмыстық заттарды ажырата білу және атау | <p>2.3.2.1 тікбұрыш формасындағы затты бейнелеу – жалау; бояу (қарындаш, гуашь);<br/>2.3.2.2 үшбұрыш формасындағы затты бейнелеу – жалау; бояу (қарындаш, гуашь);<br/>2.3.2.3 «Стақан» суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь);<br/>2.3.2.4 «Шәй</p> | <p>3.3.2.1 ені мен ұзындығының қатынасын дұрыс көрсетіп, «Балалар күрекшесі» нобайын жасау, бояу (қарындаш, акварель);<br/>3.3.2.2 ені мен биіктігінің қатынасын дұрыс көрсетіп, «Балалар шелегі» нобайын жасау, бояу (қарындаш, акварель);<br/>3.3.2.3</p> | <p>4.3.2.1 ені мен ұзындығының қатынасын дұрыс көрсетіп, «Автобус» ойыншығының нобайын жасау, бояу (түрлі-түсті қарындаштар);<br/>4.3.2.2 ені мен ұзындығының қатынасын дұрыс көрсетіп, «Жүк көлігі» ойыншығының нобайын жасау, бояу (түрлі-түсті қарындаштар);</p> |

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  | бокалы» суретін салу, бояу (қарындаш, гуашь);<br>2.3.2.5 дөңгелек формасындағы заттарды бейнелеу – «Шырша ойыншықтары»; бояу (қарындаш, гуашь);<br>2.3.2.6 ыдыс-аяқ заттарын салу (бояу) | «Мұнара» нобайын жасау (құрылыс материалдары элементтерінен), бояу (қарындаш, акварель);<br>3.3.2.4 «Құмыра» суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);<br>3.3.2.5 «Құмыра» суретін салу, бояу (қарындаш, акварель);<br>3.3.2.6 «Балға» сайманын бейнелеу, бояу (қарындаш, акварель);<br>3.3.2.7 киім заттарының суретін салу (бояу) | 4.3.2.3 «Домбыра» қазақ ұлттық аспабының нобайын жасау, бояу (қарындаш, гуашь);<br>4.3.2.4 «Матрешка» ойыншығының нобайын жасау, бояу (қарындаш, гуашь);<br>4.3.2.5 «Бұрауыш» саймандарының (ұзын, қысқа) бейнелеу, (түрлі-түсті қарындаштар);<br>4.3.2.6 жиһаз заттарының суретін салу (бояу) |
|--|--|--|--|--|

4) «Тақырыптар бойынша сурет салу» бөлімі:  
4-кесте

| Бөлімшелер  | Оқыту мақсаттары  |  |  |  |
|-------------|---|--|--|--|
|             | 1 – сынып   | 2 - сынып  | 3 - сынып  | 4 - сынып  |
| 4.1 Табиғат | 1.4.1.1 спектр түстерін бейнелеу;<br>1.4.1.2 өздеріне тән ерекшеліктерін жеткізіп | 2.4.1.1 «Жапырақсыз ағаш» суретінің нобайын жасау, акварельмен бояу; | 3.4.1.1 «Аквариумдағы балдырлар арасындағы балықтар» суретін салу, бояу (қарындаш, | 4.4.1.1 «Су айдындағы балықтар (жайын, табан)» суретін салу, бояу (қарындаш, |

|  |  |  |   |   |
|--|--|--|---|---|
|  | <p>күзгі жапырақтардың суретін салу (үйеңкі, емен, көктерек);<br/> 1.4.1.3 «Қаладағы күз» тақырыбына сурет салу;<br/> 1.4.1.4 «Алтын күз» тақырыбына сурет салу;<br/> 1.4.1.5 инелерін қысқа сызықтармен бірқалыпты басып бейнелеп, шырша бұтағының суретін салу;<br/> 1.4.1.6 инелерін қысқа сызықтармен бірқалыпты басып бейнелеп, қарағай бұтағының суретін салу;<br/> 1.4.1.7 «Ағаштар және бұталар» орман пейзажын салу;<br/> 1.4.1.8 негізгі</p> | <p>2.4.1.2 «Аққал алар» суретінің нобайын жасау, бояу (қарындаш, гуашь);<br/> 2.4.1.3 «Жаңа жылдық шырша» сюжетінің нобайын жасау, бояу (қарындаш, гуашь);<br/> 2.4.1.4 «Бақшада велосипедпен серуендеу» тақырыбына сурет салу</p> | <p>балауыз борлары);<br/> 3.4.1.2 «Алмасы бар кірпі» суретін салу, бояу (қарындаш, балауыз борлары);<br/> 3.4.1.3 «Бұтаның астындағы тышқан» суретін салу, бояу (қарындаш, балауыз борлары);<br/> 3.4.1.4 «Балық аулау» тақырыбына сурет салу (түрлі-түсті қарындаштар)</p> | <p>балауыз борлары);<br/> 4.4.1.2 «Қаршалар» суретін салу, бояу (қарындаш, балауыз борлары);<br/> 4.4.1.3 «Қазақстан таулары» суретін салу, бояу (қарындаш, балауыз борлары);<br/> 4.4.1.4 «Кемемен саяхат» тақырыбына сурет салу (түрлі-түсті қарындаштар)</p> |
|--|--|--|---|---|

|                              |   |                                      |   |                                      |
|------------------------------|---|--------------------------------------|---|--------------------------------------|
|                              | <p>және қосалқы түстерді ажырату;</p> <p>1.4.1.9 «Таудағы күннің шығуы» пейзажын салу;</p> <p>1.4.1.10 «Қазақстан таулары» пейзажын салу;</p> <p>1.4.1.11 дөңгелек және доғал формадағы жемістердің суретін салу, бояу, «Алма», «Алмұрт» (түрлі-түсті қарындаштар);</p> <p>1.4.1.12 дөңгелек және доғал формадағы көкөністердің суретін салу, бояу, «Қызанақ», «Қияр» (түрлі-түсті қарындаштар)</p> |                                      |   |                                      |
| 4.2 Ертегілер сюжеттері және | 1.4.2.1 «Мектеп» тақырыбына геометриялы   | 2.4.2.1 «Үш аю» ертегісінен дөңгелек | 3.4.2.1 «Үйшік» ертегісінің суретін салу, | 4.4.2.1 «Аққалалар отбасы» суретінің |

|                    |  |  |  |   |
|--------------------|--|--|--|---|
| өмірдегі жағдайлар | қ формадағы заттардың суретін салу; 1.4.2.2 «Мен тұратын үй» тақырыбына сурет салу; 1.4.2.3 картинаның жиекшесін бояу және оның ішіне отбасы мүшелерінің суретін салу; 1.4.2.4 сурет жиекшесінің сыртына шықпай шарларды сызықпен бояу; 1.4.2.5 түрлі жалпақтықтағы шарфтар суретін сұлбасының сыртына шықпай штрихтеу (бояу); 1.4.2.6 «Судағы кеме» тақырыбына сурет салу; 1.4.2.7 «Цирктегі пілдің өнер көрсетуі» тақырыбына | формадағы заттарды қолмен бейнелеу (әртүрлі көлемдегі үш кесе, бояу (қарындаш, гуашь); 2.4.2.2 «Қаладағы көктем»; суретінің нобайын жасау, бояу (қарындаш, гуашь); 2.4.2.3 «Наурыз» сюжетінің нобайын жасау, бояу (қарындаш, гуашь); 2.4.2.4 «Үш аю» ертегісіненсюжет салу | бояу (түрлі - түсті қарындаштар); 3.4.2.2 «Көшедегі көктем» сюжетінің, нобайын жасау, бояу (түрлі-түсті қарындаштар); 3.4.2.3 «Ұшақпен саяхат» сюжетіне сурет салу, бояу (түрлі-түсті қарындаштар); 3.4.2.4 «Шалқан» ертегісінің суретін салу, бояу (түрлі-түсті қарындаштар | нобайын жасау, акварельмен бояу; 4.4.2.2 «Қаздар-аққулар» ертегісі суретіннің нобайын жасау, акварельмен бояу; 4.4.2.3 «Ойыншықтар дүкенінде» суретінің нобайын жасау, акварельмен бояу; 4.4.2.4 «Маша мен аю» ертегісінің сюжетіне сурет салу (түрлі-түсті қарындаштар |
|--------------------|--|--|--|---|

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  | сурет салу;<br>1.4.2.8 әйнек<br>күтының<br>суретін салу;<br>1.4.2.9<br>«Бауырсақ»<br>ертегісінің<br>сюжетіне<br>сурет салу |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

35. Бағдарлама жеңіл ақыл ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Бейнелеу өнері» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

36. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

37. Оқыту бастауыш сыныптардағы белгіленген барлық оқу жылына арналған бірыңғай ортақ тақырыптар контекстінде жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің  
0-4 сыныптары үшін «Бейнелеу өнері»  
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік  
оқу бағдарламасына қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған  
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейнелеу өнері» пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 0-сынып:  
1-кесте

| Ортақ тақырыптар            | Бөлімшелер   | Оқыту мақсаттары  |
|-----------------------------|--|---|
| 1 – тоқсан                  |  |   |
